

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 157 (9219) | 1953 жылғы 6 август Бейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Республикада халық ағарту ісін жаңа сатыға көтерейік

Жуырда Қазақстан мұғалімдерінің съезі өзінің жұмысын аяқтады. Бұл съезд республикада халық ағарту ісін онан әрі өркендетуге байланысты аса маңызды мәселелерді талқылады.

Коммунистік партияның XIX съезінің қаулыларына сүйене отырып, Қазақстанның мектептері халық ағарту ісін жақсартуда жаңа табыстарға жетті. Республикада жалпыға бірдей жетіжылдық білім беру ісі үшін табанды күрес жүргізілуде. Мектептерде оқыту дәрежесі артты. Көптеген педагогтік коллективтер политехникалық білім беру міндетін жүзеге асыруға кірісіп, оқушыларды ғылым негіздерінің берік және тұрақты білімдерімен қаруландыруда, теорияны практикамен тығыз байланыстыруда. Мектептердің оқу-тәрбие жұмысының негізгі түрі — сабақтардың сапасы үздіксіз жақсартылуда.

Мұғалімдердің съезі мектептердің жұмысындағы жақсы нәтижелерді атап көрсетумен бірге, республикадағы халық ағарту ісін онан әрі өркендету беруге кедергі жасайтын кемшіліктерге ерекше көңіл аударды. Съездің бүкіл жұмысы принциптік сын мен өзара сын ұранымен өтті, мұның өзі балаларды оқыту және тәрбиелеу жұмысындағы, Оқу министрлігі мен оның жергілікті орындарының мектептерге басшылық етуіндегі ірі-ірі кемшіліктерді ашуға мүмкіндік берді. Республиканың барлық мұғалімдері мен халық ағарту қызметкерлеріне арнап қабылданған үндеуде съезге қатысушылар мұғалімдердің, барлық халық ағарту қызметкерлерінің өздерінің күштерін қазір нендей нәрселерге жұмсауы керек екендігін атап көрсетті.

«Партияның XIX съезінің тарихи қарарлары, — делінген үндеуде, — мұғалімдер мен ағарту қызметкерлерін халық ағарту жұмысын жаңадан жоғары дәрежеге көтеруді міндеттеп, коммунизмнің болашақ белсенді құрылымына тәрбиелеу және оқыту ісінің айқын перспективаларын ашып берді».

Республиканың халық ағарту қызмет-

кересі қазақ қыздарын оқуға толық тартуға ерекше көңіл аудару керек.

Коммунистік қоғам орнату совет мектептерінен барлық жағынан білімді, мәдениетті адамдар даярлап шығаруды талап етеді. Біздің мектептерімізден терең білім алған жастар, советтік идеология рухында тәрбиеленген, өз Отанын шекез сүйетін, коммунизм жолындағы кедергілердің бәрін жеңуге дайын жас патриоттар тәрбиеленіп шығуға тиіс. Владимир Ильич Ленин комсомолдың үшінші съезінде сөйлеген сөзінде: қазіргі жастарды тәрбиелеу, оқыту және үйрету ісінің бәрі оларды коммунистік моральге тәрбиелеу болатын болсын, — деп көрсетті.

Республикадағы мектептердің едәуір бөлігінің жұмысы алға қойылып отырған талаптарға әлі де толық сай келмей отырғанын мойындау керек. Мұны ең алдымен жастарды оқытудың және тәрбиелеудің негізін салатын бастауыш мектептер туралы айтуға болады. Оқу министрлігі мен халық ағарту бөлімдері коммунистік дүниетану көзқарасын қалыптастыруда орасан зор роль атқаратын орыс тілі және қазақ тілі сабақтарын, әдебиетті, тарихты және конституцияны оқыту дәрежесін арттыру үшін қажетті шаралар қолданбайды. Оқытуды политехникаландыру мәселелерін шешу мектеп қызметкерлерінің неғұрлым инициативалы және табанды болуын талап етеді. Оқу-тәрбие жұмысын үнемі жетілдіре беру үшін табанды және үнемі күрес жүргізу, оқытудың идеялық-теориялық дәрежесін арттыру оқушылардың сабақты үлгеруін жақсартып, екі жыл отырып қалыптасқан азайтудың кепілі болып табылады.

Съезде Оқу министрлігі, көптеген халық ағарту бөлімдері мектептерден қол үзгені үшін, басшылықтың бюрократтық әдістеріне салынғаны үшін қатты және әділ сын алды. Бұл сыннан дұрыс қорытынды шығару — мектептердің өмірімен неғұрлым терең танысу, олардың көп санды және жүзделі міндеттерді шешуіне

тек қана советтік педагогикалық ғылымды дамыту ісіне мән бермеушілік деп қарауға болады.

Халық ағарту бөлімдері мен педагогикалық оқу орындары мұғалімдер кадрларын даярлауды жақсарту үшін, оқытушылардың сырттан оқуын жолға қою үшін батыл шаралар қолдануға тиісті.

Оқушы жастарды тәрбиелеуде комсомол және пионер ұйымдары, мектептен тыс мекемелер, совет семьясы зор роль атқарады. Міндет — бірге күш жұмсап, мектептердің тәрбиелік маңызын арттыруда, жақсарту жұмысының моральдік сапасын қалыптастыруда.

Партия ұйымдары мектеп жұмысына үнемі көңіл бөліп отыруға тиіс. Партияның XIX съезі мектептердің алдына қойған міндеттерді ойдағыдай орындау халық ағарту ісіне партиялық басшылықтың дәрежесіне байланысты. Солай бола тұрса да, облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері оқу-тәрбие жұмысына жөнді көңіл бөлмейді, педагогтік кадрларға идеялық-саяси тәрбие беру ісімен қанағаттанғысыз шұғылданады. Мысалы, Лениногор қалалық партия комитеті 4 жылдың ішінде мектеп партия ұйымдарының секретарьларымен бірге-бір семинар-өткізбеген, мектептердің алдына қойылған құрметті және жауапты міндеттерді орындауына көмектесу, педагогтік кадрларды маркстік-лениндік теориямен қаруландыру, сын мен өзара сынды барынша өрістету — әрбір партия комитетінің тікелей борышы. Жергілікті Советтер халық ағарту мәселелерімен жете және үнемі шұғылданып отыруға міндетті.

Жаңа оқу жылы жақындап келеді. Партия және совет ұйымдарының, республиканың бүкіл жұртшылығының көмегімен мектептерді сабақтың басталуына үлгілі әзірлеуді қамтамасыз етіп, мектеп үйлерін, мұғалімдердің пәтерлерін уақытылы жөндеуді, мектептердің оқу-материалдық базаларын нығайтуды ұйымдастыру қажет. Быйылғы жылы мектептерге көптеген жақсы педагогтер жұмысқа келеді. Олар-

Одақ Советінің 1953 жылғы 5 августағы мәжлісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

5 августа, күндізгі сағат 2-де, Кремльде, Кремльдің Үлкен Сарайында Одақ Советінің бесінші сессиясы ашылды.

Председательлік етуші — Одақ Советінің Председателі депутат **М. А. Яснов** кеткен депутаттардың орнына оналты сайлау округі бойынша Одақ Советінің сайланған депутаттарының өкілдігін тексерудің нәтижелері жөнінде баяндама жасау үшін Мандат комиссиясының Председателі депутат **А. М. Пузановқа** сөз берді.

Депутат **И. В. Капитановтың** ұсынысы бойынша Одақ Советі мынадай қаулы қабылдады:

«Мандат комиссиясының баяндамасын тыңдап, Одақ Советі қаулы етеді:

Мандат комиссиясының баяндамасы бекітілсін және № 53 Волохов сайлау округі бойынша және № 170 Ржев сайлау округі бойынша 1952 жылғы 23 мартта, № 487 Мажеев сайлау округі бойынша 1952 жылғы 6 апрельде, № 359 Дербент сайлау округі бойынша 1952 жылғы 27 апрельде, № 174 Кермеров сайлау округі бойынша және № 460 Бродов сайлау округі бойынша 1952 жылғы 29 июньде, № 391 Казатинск сайлау округі бойынша 1952 жылғы 7 декабрьде, № 147 Арзамас сайлау округі бойынша 1953 жылғы 25 январьда, № 658 Ленинскан сайлау округі бойынша 1953 жылғы 22 мартта, № 262 Таганрог сайлау округі бойынша, № 333 Борзинск сайлау округі бойынша және № 596 Шымкент селолық сайлау округі бойынша 1953 жылғы 29 мартта, № 481 Сталин өкілші сайлау округі бойынша 1953 жылғы 24 майда, № 41 Москва сайлау округі бойынша 1953 жылғы 31 майда, № 223 Кунгурск сайлау округі бойынша 1953 жылғы 21 июньде және № 23 Орехово-Зуево сайлау округі бойынша 1953 жылғы 26 июльде сайланған Одақ Советі депутаттарының өкілдіктері дұрыс деп табылсын».

Ұлттар Советінің 1953 жылғы 5 августағы мәжлісі туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

5 августа, күндізгі сағат 4-те, Кремльде, Кремльдің Үлкен Сарайында Ұлттар Советінің бесінші сессиясы ашылды.

Председательлік етуші — Ұлттар Советінің Председателі депутат **Ж. Шаяхметов** кеткен депутаттардың орнына жеті сайлау округі бойынша Ұлттар Советінің сайланған депутаттарының өкілдігін тексерудің нәтижелері жөнінде баяндама жасау үшін Мандат комиссиясының Председателі депутат **И. Г. Кэбинге** сөз берді.

Депутат **М. Я. Ткачуктың** ұсынысы бойынша Ұлттар Советі мынадай қаулы қабылдады:

«Мандат комиссиясының баяндамасын тыңдап, Ұлттар Советі қаулы етеді:

Мандат комиссиясының баяндамасы бекітілсін және Марий АССР-нің № 499 Юринск сайлау округі бойынша және Удмурт АССР-нің № 549 Увинск сайлау округі бойынша 1952 жылғы 8 июньде, Армян ССР-нің № 325 Кафан сайлау округі бойынша 1952 жылғы 28 сентябрьде, Белорусе ССР-нің № 70 Поставск сайлау округі бойынша 1952 жылғы 28 декабрьде, Хабаровск өлкесінің № 624 Корякск сайлау округі бойынша 1953 жылғы 29 мартта, Нахичеван АССР-нің № 516 Енгижинск сайлау округі бойынша 1953 жылғы 24 майда және Белорусе ССР-нің № 57 Слуцк сайлау округі бойынша 1953 жылғы 21 июньде сайланған Ұлттар Советі депутаттарының өкілдіктері дұрыс деп табылсын».

Ұлттар Советінің Председателі депутат **Ж. Шаяхметов** сессияның қарауына мынадай мәселелер ұсынылатындығын хабарлады:

Одақ Советінің Председателі депутат **М. А. Яснов** сессияның қарауына мынадай мәселелер ұсынылатындығын хабарлады:

1. ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бекіту және ССРО-ның 1951 жылға және 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы есеп.

Бұл мәселені ССРО Министрлер Советі ұсынады.

2. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын бекіту. Бұл мәселені ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы ұсынады.

Одақ Советі депутат **М. П. Наунайтеның** ұсынысы бойынша бұл мәселелерді сессияның күн тәртібіне енгізді.

Одақ Советі мәселелерді қараудың мынадай тәртібін қабылдады: ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бекіту және ССРО-ның 1951 жылға және 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы есеп Ұлттар Советі мен Одақ Советінің біріккен мәжлісінде қаралсын. Бюджет комиссияларының қосымша баяндамасы палаталар бойынша жеке тыңдалып, бюджет талқылансын. Ұлттар Советі мен Одақ Советінің қорытынды мәжлісі бірге өткізілсін. Осы мәжілісте бюджет туралы баяндама бойынша жарыссөз аяқталып, баяндамашы мен қосымша баяндамашының қорытынды сөздері тыңдалсын, ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті бекітілсін, Мемлекеттік бюджет туралы Заң және ауылшаруашылық салығы туралы Заң қабылдансын, сол сияқты, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын бекіту туралы баяндама тыңдалып, бұл мәселе жөнінде қарар қабылдансын.

Осымен Одақ Советінің бірінші мәжлісі жабылды.

1. ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бекіту және ССРО-ның 1951 жылға және 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы есеп.

Бұл мәселені ССРО Министрлер Советі ұсынады.

2. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын бекіту.

Бұл мәселені ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы ұсынады.

Ұлттар Советі депутат **Т. С. Горбунсовтың** ұсынысы бойынша бұл мәселелерді сессияның күн тәртібіне енгізді.

Ұлттар Советі мәселелерді қараудың мынадай тәртібін қабылдады: ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бекіту және ССРО-ның 1951 жылға және 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы есеп Ұлттар Советі мен Одақ Советінің біріккен мәжлісінде қаралсын. Бюджет комиссияларының қосымша баяндамасы палаталар бойынша жеке тыңдалып, бюджет талқылансын. Одақ Советі мен Ұлттар Советінің қорытынды мәжлісі бірге өткізілсін. Осы мәжілісте бюджет туралы баяндама бойынша жарыссөз аяқталып, баяндамашы мен қосымша баяндамашының қорытынды сөздері тыңдалсын, ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті бекітілсін, Мемлекеттік бюджет туралы Заң және ауылшаруашылық салығы туралы Заң қабылдансын, сол сияқты, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын бекіту туралы баяндама тыңдалып, бұл мәселе жөнінде қарар қабылдансын.

Осымен Ұлттар Советінің бірінші мәжлісі жабылды.

керлерінің, партия және совет ұйымдарының алдында тұрған жауапты міндет—бесінші бесжылдықтың аяғында жетіжылдық білім беруден жалпыға бірдей орта білім беруге көшуді аяқтау болып отыр. Алдағы оқу жылында Алматыда, облыстық қалаларда және ірі өнеркәсіп орталықтары —Балқаш пен Лениногорда жалпыға бірдей орта білім беру ісі енгізіледі. Келесі бесжылдықта басқа қалалар мен селолық жерлерде жалпыға бірдей орта білім беруді толық жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалуға тиіс. Бұл мақсатқа жету үшін, ең алдымен барлық қалалар мен селолық жерлерде жалпыға бірдей жетіжылдық оқуды дәл және мүлтіксіз жүзеге асырып отыру қажет. Кейбір халық ағарту бөлімдері мен мектептердің басшылары бұл маңызды іске мемлекеттік тұрғыдан қарамай, алдау жолына түседі, оқушылардың мектептен қол үзіп кету фактілерін жасырады. Мұндай әдетке төзуге болмайды. Мектеп жасындағы әрбір бала оқитын болуға тиіс.

үнемі жете көмек көрсетіп отыру деген сөз. Мектепте мұғалім жетекші роль атқарады. Балаларды оқыту және тәрбиелеу жұмысының сәтсіз ең алдымен мұғалімнің саяси және ғылыми-теориялық әзірлігіне, оның педагогтік шеберлігіне және іске көзқарасына байланысты. Мұғалімдер арасында үнемі жұмыс жүргізу, олардың өсуіне ыңғай қамқорлық жасап отыру, тыңғылықты методикалық басшылық көрсету— халық ағарту орындарының аса маңызды міндеті. Мектептерді толық бағалы, идеялық жағынан ұстамды оқулықтармен қамтамасыз ету сыяқты мәселелерді шешуді ешбір кейінге қалдыруға болмайды.

Оқу министрлігі, жоғары оқу орындары таңдаулы мұғалімдер мен мектептердің тәжірибелерін қорытып, кеңінен таратып отыруға міндетті. Мектеп қызметкерлері армиясының жан-жақты тәжірибесі тым нашар өрісетіліп отырғандығын, педагогикалық ғылымды Оқу министрлігінің ескерусіз қалдырып отырғандығын

дәл жақсы қарай алып, алғашқы күннен бастап-ақ жемісті еңбек етулеріне көмектесу қажет.

Мұғалімдердің үндеуінде көрсетілген шаралардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етудің маңызы зор. Үндеуді мектептер мен педагогикалық жоғары оқу орындарында, мұғалімдердің августта өтетін кеңестерінде, комсомол және пионер ұйымдарында, ата-аналар арасында кеңінен талқылау қалың жұртшылықты халық ағарту жұмысын оған әрі өркендету күресіне жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан мұғалімдерінің съезі халық ағарту қызметкерлерінің Коммунистік партия мен Совет Үкметіне шексіз берілгендігінің салтанаты болды. Бүкіл халықтың қамқорлығына бөленген республика мұғалімдері коммунизмнің белсенді құрылысшыларын тәрбиелеу ісіне өздерінің барлық күшін, барлық творчестволық жігерін, барлық педагогтік тәжірибесін және білімін жұмсайды.

(«Социалистік Қазақстан» газетінің 5 августағы басмақаласы).

Халық ағарту қызметкерлеріне

Қымбатты жолдастар, мұғалімдер және халық ағарту қызметкерлері!

Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен социалистік қоғам орнатып, қазір социализмнен коммунизмге қарай бірте-бірте өтуді ойдағыдай жүзеге асыруда. Социалистік құрылыстың жеңісі нәтижесінде еңбекшілердің мәдениеті мен әл-ауқат жағдайы адамзат тарихында болып көрмеген дәрежеде өсті. Халық ағарту жұмысы болып көрмеген дәрежеде кең құлаш бермеді. Балаларға жаппай жетіжылдық білім беру жұмысы іс жүзінде жүзеге асырылуда. Орта және жоғары білім алу жылдан-жылға ұлғая түсуде.

Халық ағарту ісінің орасан зор табыстарға жетіп отырғандығы, әсіресе біздің Қазақ республикасының мысалынан айқын көрінеді. Қазақстан бұрынғы патшалық Ресейдің артта қалған шет аймағынан, Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін сауаттылардың саны екі-ақ процент болатын өлкеден Совет өкіметі тұсында алдыңғы қатарлы социалистік республикаға, мектептер, орта және жоғары оқу орындары жүйесі кең өріс алған жаппай сауатты республикаға айналды.

Жеткіншек ұрпақты советтік патриотизм және халыққа шексіз берілгендік рухында тәрбиелеуші біздің халық мұғалімдеріміз әкелік қамқорлыққа бөленген. Мәңгі жасайтын Ленинің: халық мұғалімін «буржуазиялық қоғамда еш уақытта болып көрмеген, болмайтын және бола алмайтын дәрежеге қою» жөніндегі өсиеті күн сайын жүзеге асырылуда. Қазақ республикасында 275 мұғалім Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі деген құрметті атақ алған, 5649 мұғалім Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен, 3 мыңнан аса мұғалім—Қазақ ССР «халық ағарту ісінің озығы» значегімен наградталған.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің тарихи қарарлары, ұлы Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегі совет халқының алдына халық ағарту саласында үлкендігі жағынан бұрын болып көрмеген орасан зор міндеттерді қойды.

Партияның XIX съезінің директиваларына сәйкес республикада алдағы 1953-54 оқу жылынан бастап республиканың астанасы —Алматы қаласында, барлық облыстық орталықтарда және өнеркәсіп қалалары —Лениногор мен Балқашта жалпыға бірдей орта (онжылдық) білім беру жүзеге асырылады, сонымен бірге келесі бесжылдықта басқа да қалалар мен селолық жерлерде жалпыға бірдей орта білім беруді толық жүзеге асыру үшін жағдай жасалады.

Жалпы білім беретін мектептердің социалистік тәрбиелік маңызын оған әрі арттырып, орта мектепті бітіретін оқушылардың мамандықты еркін таңдап алуына жағдай тұтызуды қамтамасыз ету мақсатымен орта мектептерде политехникалық оқу енгізіледі және жаппай политехникалық оқуға көшу үшін қажетті жағдайлар әзірленуге тиіс.

Партияның XIX съезінің қарарларын жүзеге асыра отырып, республиканың мұғалімдері мен халық ағарту қызметкерлері өткен оқу жылында жеткіншек ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісінде жаңа табыстарға жетті. Педагогтік еңбектің шеберлері —жыл сайын оқушыларға терең және берік білім беретін, екі жыл отырып қалушыларды болдырмайтын мұғалімдердің қатары өсуде. Мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыруда алғашқы адымдар жасалды, мұның өзі бүкіл оқу-тәрбие жұмысының сапасына игілікті әсерін тигізді.

Сонымен бірге, республиканың мектептері мен халық ағарту орындарының жұмысында әлі де елеулі кемшіліктер бар. Оқу министрлігі, халық ағарту бөлімдері және мектептердің көптеген басшылары барлық балаларды оқуға толық қамту жөнінде тиісті шараларды қолданбады, соның салдарынан өткен жылы мектеп жасындағы балалардың оқуға тартылмай қалғандары, оқушылардың, оның ішінде қазақ қыздарының мектептен қол үзіп қалуы орын алды.

Оқушылардың едәуір бөлегі бүкіл оқу жылында сабақты үлгермей, екінші жылға қалдырылды.

Мұның себебі: республиканың көптеген мектептерінде оқу-тәрбие жұмысы әлі де болса төмен дәрежеде келеді және халық ағарту орындары тарапынан мектептердің жұмысына мемлекеттік бақылау жасау қанағаттанғысыз жүргізіледі.

Съезд мынадай жағдайды мүлде жөнсіздік деп есептейді: мұғалімдердің бірешырағының осы уақытқа дейін тиісті білімі жоқ, олар педагогтік шеберлігін жетілдіріп отырмайды, өздерінің идеялық-теориялық дәрежесін және іскерлік мамандығын үнемі арттырып отырмайды, мұның өзі мектептердің жұмысына және жеке пәндерді оқыту сапасына зиянды әсерін тигізеді.

Мектептерде ана тілін оқытуды, ал, қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуды жолға қоюда елеулі кемшіліктер бар. Математиканы, физиканы, химияны, биологияны оқыту көп мектептерде терең мағынада жүргізілмейді, кейде өмірмен байланыстырылмайды.

Халық ағарту орындары мен мектептердің басшылары алдыңғы қатарлы педагогтік тәжірибені зерттеу, қорыту және тарату жұмыстарын қанағаттанғысыз жүргізеді, мұғалімдерге методикалық көмек көрсету жұмысын жеткіліксіз ұйымдастырады.

Партияның XIX съезінің тарихи қарарлары мұғалімдер мен ағарту қызметкерлерін халық ағарту жұмысын жаңадан жоғары дәрежеге көтеруді міндеттеп, коммунизмнің болашақ белсенді құрылысшыларын тәрбиелеу және оқыту ісінің айқын перспективаларын ашып берді.

Бізге, совет мұғалімдеріне, игілікті міндет—халық ағарту саласында партияның XIX съезінің қарарларын ойдағыдай орындауды қамтамасыз ету міндеті жүктеліп отыр.

Біздер, Қазақстан мұғалімдерінің съезіне қатысушылар, сіздерді, қымбатты жолдастар, мұғалімдер мен халық ағарту қызметкерлері, мынаған шақырамыз:

1. Мектеп жасындағы барлық балалар мен жас өспірімдер жетіжылдық, ал, Алматы қаласында, облыс орталықтары мен өнеркәсіп қалалары —Балқаш және Лениногорда— орта біліммен толық қамтылсын, оқушылардың барлық контингенті, әсіресе қазақ қыздары оқу кұресі аяқталғанға дейін толық сақталсын.

Малшылардың балаларын интернаттарға орналастыру және оларды таяудағы мектептерге жеткізіп тұруды ұйымдастыру арқылы оқуға толық тартуға ерекше көңіл бөлінетін болсын.

Жаңа оқу жылында мектепке қамтылмаған бірде-бір бала болмауға тиіс.

2. Оқу-тәрбие жұмысының сапасын оған әрі арттыру үшін, оқушылардың берік және терең білім алуы үшін табандылықпен күрес жүргізілсін, сөйтіп, осының негізінде оқуды үлгермеушілік пен екі жыл отырып қалушылық толық жойылатын болсын.

3. Оқытудың әдістері мен тәсілдерін жетілдіре отырып, оқу-тәрбие жұмысының негізгі түрі —сабақтың сапасы жақсартылсын.

Оқушылардың артта қалушылығы уақтылы анықталып, алдын-алып отырылсын, балалардың әдептілігі мен оқуға деген зейіні шебер және қамқорлықпен тәрбиеленіп отырылсын, олардың кластағы және үйдегі жұмысы дұрыс ұйымдастырылып, олардың белсенділігі және дербес жұмысқа ынталануы күшейтілсін.

4. Мектептерде тарихты, конституцияны, ана тілін, ал, қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуды оған әрі жақсартуға ерекше көңіл бөлінеін, барлық оқушылардың физика, химия, биология, математика және география жөніндегі лабораториялық және практикалық жұмыстардың белгіленген минимумын өтуі қамтамасыз етілсін, оқыту процесінде оқушылар ғылымның бұл салаларын өнеркәсіп және ауылшаруашылық өндірісінде қолдану әдістерімен таныстырылсын. Мектептердің оқу-

Т. В. Тамарина-Проневич жолдасқа Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисткасы құрметті атағын беру туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Совет театр искусствосы саласында сіңірген аса көрнекті еңбегі ескеріліп, Өскеменнің Жамбыл атындағы облыстық драма театрының артисткасы Тамара Владимировна Тамарина-Проневичке Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының

Председателі Д. КЕРІМБАЕВ. Секретары Ә. ӘМІРІЕВ.

Алматы қаласы, 1953 жылғы 1 август.

ССРО Үкметі мен Партия басшыларының Қытай Халық Республикасының өнеркәсіп және ауылшаруашылық көрмесінде болуы

4 августа, Москваның М. Горький атындағы орталық мәдениет және демалыс паркінде орналасқан Қытай Халық Республикасының өнеркәсіп және ауыл шаруашылығының көрмесін Совет Одағы Коммунистік партиясы мен Үкметінің басшылары Г. М. Маленков, В. М. Молотов, Н. С. Хрущев, К. Е. Ворошилов, Н. А. Булганин, Л. М. Каганович, А. И.

Микоян, М. З. Сабуров және Н. Г. Первухин жолдастар келіп көрді.

ССРО Үкметі мен Партия басшыларын Қытай Халық Республикасының ССРО-дағы уақытша елшісі Гэ Бао-цюань жолдас, Қытай Халық Республикасының ССРО-дағы сауда кеңесшісі Ли Цян жолдас, сондай-ақ Қытай Халық Республикасының қазір Москвада қонақ болып жүрген темір жолдар министрі Тэн Даэ-юань жол-

дас және басқалары қарей алды.

Г. М. Маленков, В. М. Молотов, Н. С. Хрущев, К. Е. Ворошилов, Н. А. Булганин, Л. М. Каганович, А. И. Микоян, М. З. Сабуров және Н. Г. Первухин жолдастар көрмеде бір жарым сағаттай уақыт болып, онда қойылған, дос қытай халқының экономикалық өрлеуін сипаттайтын экспонаттармен жете танысты.

(СОТА).

Мал қысқы жемшөппен қамтамасыз етілді

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Егіс жұмыстарын шебер ұштастыра жүргізіп «Бірлесу еңбек» (Жамбыл ауданы) ауылшаруашылық артелінің колхозшылары шөп шабуды бір күнге де тоқтатқан емес. Қоғамдық мал үшін қысқы жемшөп мол дайындалуда. Көзірдің өзінде әрбір сыйырға 26 центнерден табиғи жемшөп, 60 центнерден сүрленген шөп дайындалды. Беде үшінші рет шабылуда.

Отарлы мал участогінде пішен дайындалуда. Механизаторлар мен колхозшылар шөп шабуда. Жоғары өнімді еңбек етуде. Өздігінен жүретін шөп машинасы жүргізуші комсомолец Хасан Хаширов екі жарым маусымдық норма орындады. Шөп сүрлеу, малазығындық қор жасау ойдағыдай жүргізілуде. Малазығындық қызылша егісінің күтімі жақсы жолға қойылды.

Қоғамдық малға «Победа», «Красный Восток», Жданов атындағы, (Мерке ауданы), Свердлов ауданының «Трудовой пахарь», «Новая жизнь», Шу ауданының Чкалов атындағы, «Белбасар» колхоздары шаруалық қамқорлық жасауда. Олар көзірдің өзінде малға бір жарым жылдық жемшөп қорын жасады және шөп шабу мен шөп сүрлеуді өлі де жүргізуде.

КОМБАЙНДАРДЫҢ ТОПТЫҚ ЖҰМЫСЫ

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Облыстағы озат Владимир МТС-і егін жыйнауға кірісті. Комбайншылар Обьезчиков, Вапенберг жолдастар сменасына 20 —

25 гектар арпа орып, гектарынан 16 центнерге дейін астық бастыруда. Ленин атындағы колхозда бидай отуда комбайндардың топтық жұмысы қолданы-

лады. 400 гектар егісті төрт бөлекке бөліп алып, комбайншылар Кривоногов, Доценко, Ляшенко және Вебер егісті қатарласып бірге жыйнауа.

Қазақ ССР-нің барлық мұғалімдеріне және халық ағарту қызметкерлеріне

(Соңы. Басы 1-бетте).

тәжірибе участоктері жаратылыс таңу жөніндегі нағыз лабораторияға айналдырылсын. Жоғары оқу орындарымен, өнеркәсіп орындарымен, совхоздармен, МТС-термен және колхоздармен тұрақты байланыс орнатылсын, оқушылардың политехникалық білімдерін толықтыруға және еңбекке бейімділігін арттыруға олардың лабораториялары, тәжірибе алаңдары, ғылыми-зерттеу мекемелері, әлеуметтану музейлері кең түрде пайдаланылсын. Оқушылардың арасында ғылыми-техникалық насихат үшін ғылыми күштер мен инженер-техникалық қызметкерлер белсене тартылатын болсын.

Мүмкіншілігіне қарай мектеп оқушылары оқу кабинеттері үшін құрал-жабдықтар жасау, мектептердің политехникалық музейлерін, мастеркөйлерін, мектеп жанындағы оқу-тәжірибе участоктерін құру жұмысына тартылсын.

5. Съезд балалардың білім негіздерін алатын бастауыш мектептердің оқу-тәрбие жұмысының сапасын негізінен жақсартуға халық ағарту орындарының, мұғалімдер мен мектеп басшыларының ерекше назарын аударады, өйткені, мұнысыз онан әрі оқу, адамның мәдени және саяси жағынан өсуі мүмкін емес. Съезд бастауыш мектептерді әзірлігі бар мұғалімдермен, тұрақты оқулықтармен, көрнекі құралдармен және балалар кітапханаларымен қамтамасыз ету қажет деп есептейді.

6. Дені сау, дене құрылысы мығым, төзімді және шыныққан жеткіншектерді тәрбиелеу мақсатымен мектеп оқушыларына дене шынықтыру тәрбиесін беру ісі батыл жақсартылсын, олар спортты-бұқаралық шаралармен кең қамтылсын. Әрбір жетіжылдық және орта мектептің жанынан спорт алаңдары, физкультура залдары немесе спорт бөлімдері жабдықталсын, жоғары оқу орындары мен ерікті спорт қоғамдарының тренерлік құрамдары мектептерге көмек көрсету жұмысына тартылсын.

7. Мектеп оқушылары арасындағы көркемөнерпаздық жұмыстарды барынша қолдап, бұл жұмыс кеңінен өрістетілсин, музыкалық-әншілік және билеу искусствосы жөніндегі талантты балалар ұқыптылықпен баулылсын.

8. Оқу-тәрбие жұмысың жақсарту және оқушылар арасында саналы тәртіптілікті нығайту ісінде педагогтік советтің қызметі зор маңыз алатындығын ескере отырып, съезд халық ағарту орындары мен мектеп басшыларының назарын бұл советтердің жұмыстарын жақсартуға, мектеп өзірінің аса маңызды мәселелерін сол советтердің талқылауына салып, мектеп жұмысындағы кемшіліктерді сыңға алуға және өзара сынды барынша өрістетуге аударады.

9. Класс жетекшілері мен ата пионер вожатыйларының балаларды тәрбиелеу және оқыту ісіндегі ролі мен жауапкершілігі арттырылсын. Класс жетекшілері комсомол және пионер ұйымдарымен тығыз байланыс жасай отырып, жұмыс істеуге, олардың мектептерде достығы жарасқан балалар коллективін құруына белсене көмектесуге міндетті.

10. Жаннай білім алуды, балаларды тәрбиелеуді және оқытуды жүзеге асыру жөнінде мектептер мен ата-аналардың семьядағы және мектептегі бірлескен жұмысын жақсарту үшін ата-ана комитеттерінің ролі арттырылсын, бұл іске бүкіл жұртшылық кеңінен тартылсын.

Ата-аналар арасында педагогикалық насихат күшейтілсин, барлық орта және жетіжылдық мектептерде ата-аналардың конференциялары, жиыналыстары, консультациялар ұйымдастырылсын, сөйтіп, өз балаларын тәрбиелеуде және оқытуда ата-аналардың жауапкершілігі барынша арттырылсын.

белсенді құрылысшыларының тәрбиешісі болуды тапсырып отырғандығын естен шығармауға міндетті. Мұндай құрметті патриоттық борышты тек жоғары дәрежелі, жоғары маркеттік даярлығы жеткілікті педагог қана атқара алады.

12. Съезд халық мұғалімі бұқарамен тығыз байланыста болуға, олардың арасында күн сайын мәдени-ағарту және өа-яси-бұқаралық жұмыстарын жүргізіп отыруға тиісті деп есептейді. Совет мұғалімі халықтың арасында барлық аса маңызды шараларды жүргізуде партия және совет ұйымдарының белсенді көмекшісі болуға тиіс.

13. Халық ағарту орындарының қызметкерлері мектептердің жұмысына бақылау жасау және оларға басшылық ету ісін батыл жақсартуға, әрбір мектептің, әрбір мұғалімнің қызметін барлық жағынан зерттеп отыруға, жұмыстағы кемшіліктер мен қателіктерді уақытылы ашып отыруға, сөйтіп, ол кемшіліктерді жою шараларын қолдануға, мектептеріміздегі жақсы, озық нәрсенің бәрін қорытып, енгізіп отыруға, методикалық сессияларды, мұғалімдердің кусталық және мектеп жанындағы методикалық бірлестіктерін жеке оқу пәндерін оқытуды және тәрбие жұмысын жоғары қолды жақсарту жөніндегі нақтылы міндеттерді шешуге бағындыруға тиісті.

Оқу-материалдық базаны нығайтуға, мектептерді қажетті құрал-жабдықпен, көрнекі құралдармен, кітапханалармен қамтамасыз етуге, сөйтіп, уақытылы және іркіліксіз қаржыландыру ісін қамтамасыз етуге, бұл мақсаттарға бөлінген қаржылардың бәрін толық меңгеріп, орынды пайдалануға халық ағарту орындары мен мектеп басшыларының ерекше назары аударылсын.

14. Қазақ республикасы жағдайында жалпыға бірдей оқуды жүзеге асыруда қоғамдық және бюджеттік интернаттардың ерекше маңызы болғанын ескере отырып, съезд халық ағарту орындары мен мектеп басшыларының алдына аса маңызды міндетті—бұл интернаттарды онан сайын нығайту, оларды құрал-жабдықпен және саймандармен қамтамасыз ету, сол сияқты олардағы тәрбие жұмысын жақсарту міндетін қояды.

15. Біз орта және жоғары педагогикалық оқу орындарының оқытушыларын, профессорларын және басшыларын педагогтік кадрларды даярлау сапасын, әсіресе мұғалімдерді сырттан оқыту системасы бойынша жақсартуға шақырамыз.

16. Халық ағарту ісін онан әрі өрдендету, балаларды оқыту және тәрбиелеу жұмысындағы бар кемшіліктерді жою тек қана жұмыстағы кемшіліктерді батыл сынау және өзара сынды кең өрістету негізінде жүзеге асырылады.

Съезд барлық мұғалімдерді және халық ағарту қызметкерлерін принциптік сын мен өзара сынды өрістетуге, мектептер мен халық ағарту орындарының жұмысындағы түрлі кемшіліктермен, тоқыраушылықпен, көргеннен жазбаушылықпен, адалдыққа жатпайтын әдеттермен аяусыз күрес жүргізуге шақырады.

Мұғалімдер мен халық ағарту қызметкерлерінің барлық қызметі игілікті мақсатқа—балаларды пролетарлық интернационализм және ұлы Отанымыздың халықтары арасындағы мызғымас достық рухында, Коммунистік партия мен советтік Отанымызды шексіз сүйу және оларға берілгендік рухында тәрбиелеуге бағындырылуы керек.

Жолдастар, мұғалімдер және халық ағарту қызметкерлері! Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасайық!

Бар күшімізді, барлық творчестволық жігерімізді, барлық педагогтік тәжірибеміз бен білімімізді Отанға, халыққа және партияға шексіз берілген коммунизм құрылысшыларының жас

Қоғамдық малға жылы қора, мол азық әзірленсін

Мол азығы мол дайындалуда

Ленин атындағы колхоздың (Қошқохов ауданы) колхозшылары ақтөбеліктердің үндеуін бірауыздан қуаттай отырып, үстіміздегі жылы жемшөптің мол қорын жасауға ұйғарған еді. Колхозшылар өздерінің бұл сертін аброймен жүзеге асырып келеді.

Колхоз біржылдық және көшкылдық шөптерді кең көлемде өккен болатын. Кәзір бұл алаңның әрбір гектарынан 29 центнерден өнім жыйналады. Сол сияқты, бйыл табиғи шөпіндіктердің өрбір гектарынан орта есеппен 10 центнердей өнім алынады. Колхозда шөп шабу, өнім маялау жұмыстары бір-бірімен тығыз ұштастырыла жүргізіледі. Күн сайын тракторға тіркелген 3 кеңалымды шөп машиналары агрегаттарымен, бір өзлігінен жүретін шөп машинасымен және 6 көлік шөп машинасымен пішен шабылады. Бұлармен күніне 120—130 гектар жердің шөбі шабылып жүр.

Пішен шабуда машинистер өнімді еңбектің үлгісін көрсетуде. Тракторшы Қ. Семасев және машинист И. Малдыбаев жолдастар жұмысты тығыз ынталықпен істейді. Соның нәтижесінде бұл екеуі әрбір сменада 20 гектар орнына 30 гектар жердің пішенін шабады. Машинист Ф. Нлискачев жолдас бір сменада 25—27 гектар жердің пішенін шауып, норманы артығымен орындап отырады. Көлікке жегілген машиналардың машинистерінің табыстары да аз емес. Мәселен, машинист Д. Дублиев жолдас смена сайын 4,5 гектар алаңның пішенін шабады.

Машинистердің еңбегіне малшылардың қиймылы сай. Шөп жыйнауда және маялауда жүрген колхозшылар күндіз жұмыс тапсырмаларын мінсіз орындайды. Міне, соның нәтижесінде шөп шабу мен маялаудың арасында алшақтық болмай келеді. Шөп жыйнауда екі тракторға тіркелген кеңалымды тырнауыш, 10 көлікке жегілген тырнауыш жұмыс істейді. Тырнауышы Цекзев жолдас шөп жыйнауда сменалық тапсырманы үнемі 140—150 проценттен орындайды.

Колхозшылардың тыңғылықты жүргізіп келе жатқан жұмыстарының бірі—мол қоралары жанына шөп тасу. Олар барлық мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, мал қыстату маусымы басталғанға дейін жемшөпті түгелге жуық қоралар жағына тасып алуға ұйғарып отыр. Колхозшылар бұл жұмысты үлгілі ұйымдастырған. Қоралар қасына шөп тасуға 14 арба бөлінген. Олармен күн сайын қыстаулар жағына 250—300 центнер шөп тасылады. Шөп тасу жұмыстары әсіресе № 1 бригадда ойдағыдай ұйымдастырылған. Кәзір

Қоғамдық малды жылы, жарық қоралармен қамтамасыз етейік

Партияның XIX съезінің қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қарарларын аброймен орындауда малды жылы, жарық қоралармен қамтамасыз етудің зор маңызы бар. Өйткені, қоғамдық малды жемшөппен бірге қора-жаймен жеткілікті қамтамасыз еткенде ғана малды қыстан шығынсыз, күйсі өсіруге болатындығы тәжірибеден айқын көрініп келеді. Өткен жылы Октябрь ауданының бірқатар колхоздарында қоғамдық мал қораларымен қамтамасыз етілмеді. Мұның өзі малдың суыққа ұрынып, қыстаң төмен күймен шығуына, оның шығынға ұшырауына әкеліп соқты.

Ауданның бірқатар колхоздары өткен қыстағы мұндай кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп келеді. Олардың қатарына Киров атындағы «Пламя» Степан Разин атындағы колхоздарды қосуға болады. Бұларда мал қоралары көптеп салынып, ескі қоралар тыңғылықты жөндеуден өтуде.

Бірақ, мал қораларын салу, бұрынғыларын жөндеу ісі барлық колхоздарда бірдей бұлай ұйымдастырылмаған. Бйыл аудан колхоздарында 110 үлкенді-кішілі мал қоралары салынуға тиіс еді. Бүгін мәселеттен мыңдаған сом қаржы бөлінді. Демек, мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарын тыңғылықты жүргізуге аудан колхоздарында қажетті мүмкіншіліктердің бәрі бар. Алайда, көп колхоздарда малды жақсы жабдықталған қоралармен қамтамасыз ету ісіне жеткілікті көңіл бөлінбеуі себепті мал қыстатуға әзірліктегі мұндай маңызды жұмыс әлі күнге дейін шыңдан қона алынбай отыр. Колхоз председателдері мал қораларын әзірлеу жұмыстарын кейінге қалдырумен келеді. Соның салдарынан қора салуға және жөндеуге бөлінген қаржылар нашар пайдаланылады. Осы себепті бірқатар колхоздарда қора салуға және жөндеуге қажетті материалдар осы күнге дейін дайындалып алынбаған.

Мал қораларын қысқа әзірлеу әсіресе «Бірақ» колхозында өте-өте нашар. Мұнда бұрынғы мал қораларын жөндеу қолға да алынбаған. Жаңадан қора салу жөнінде де жағдай дәл осындай. Бүгін колхоз председателі Тоғыбаев жолдас тікелей кінәлі. Ол мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарының осы күнге дейін басталмауының себебі құрылыс материалдарының жоқтығында деп дәлелдегісі келеді. Бұл дұрыс емес. Колхоз басшыларының кінәсінен құрылыс материалдары күні бұрын дайындалып алынбады. Бұл колхозға мал қораларын салуға 35

ғы колхозда (председателі Сычев жолдас) тым баю жүргізілуде. Мұнда өткен жылы стандартты шошқа қорасын салу басталған еді. Оның материалдарын дайындауға 40 мың сом қаржы жұмсады. Бірақ, ол өткен жылы салынып бітпеді. Бұл қораны салуды аяқтауға колхоз әлі күнге дейін кіріскен жоқ. Шошқа қорасын салу созылса бұдан әрі оның іске жарамай қалу хауіі бар. Ал, екінші жағынан колхозда алдағы қыста шошқа тұраты орын жоқ. Бірақ, не пайда колхоз басшылары мұны мүдде естен шығарып отыр. Бйыл мұнда жаңадан басқа да бірнеше мал қоралары салынбақ еді. Бұл жұмыстар да қызу жүргізілмей, аяқсыз қалып келеді.

Чапаев атындағы колхозда да (председателі Атымтаев жолдас) малға қора әзірлеу ісі кенже қалуда. Үстіміздегі жылы мал қораларын салуға бұл колхозға көп қаржы бөлінді. Соған қарамастан мұнда мал қораларын салу мәселесі ойдағыдай шешілмей отыр. Колхоз мал қораларын қысқа әзірлеу жұмыстарына тиісті кіріспеген. Тұрақты құрылыс бригадалары ұйымдастырылмаған. Құрылыс материалдары дайындалған жоқ.

Сталин атындағы колхозда (председателі Омшин жолдас) бйыл қоспар бойынша сыйыр тұратын екі қора, қой тұратын бір қора, жылқы тұратын бір қора, бұзау үйі, құсқа орын салынуға тиіс еді. Осы уақытқа дейін бұдан бірде-бір қора салынып біткен жоқ. Колхоз басшылары, оның председателі Омшин жолдас мал қораларын салу жұмыстарын бйыл тиісті жүргізетін де емес.

— Бйыл малмыз ескі қораларда-ақ қыстайды, —дейді Омшин жолдас.

Ал, шынында мұнда мал қоралары жеткіліксіз. Оның біразында тиісті мал қыстатуға болмайды. Бұрынғы мал қораларының көпшілігі күрделі жөндеуден өткізуді қажет етеді. Алайда, мал қораларын жөндеу жұмыстары тиісті дәрежеде жүргізіліп отырған жоқ.

Мал қораларын салу, жөндеу жұмыстары «Победа» «Смычка», «Қызыл ту», «Балуан» колхоздарында да бетімен жіберілген. Бұлар мал қораларын қысқа әзірлеуге әлі шыңдан кіріскен жоқ.

Ауданның қай колхозында болсын мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарын тыңғылықты жүргізуге толық мүмкіншілік бар. Әңгіме қора салу, жөндеу ісіне осы күнген жете көңіл бөліп, оны дұрыс жүргізуде, бұған күш-мүмкіншіліктерді толық пайдалануда ғана болып отыр. Аудан басшылары әрбір колхозда қора салу мен жөндеудің ойдағыдай ұйымдасты-

мұғалімнің өз идеялық-теориялық дәрежесін, іскерлік мамандығын арттырумен мықтан және талмай шұғылдануы арқылы қамтамасыз етіледі. Әрбір мұғалім оған Коммунистік партия мен Совет Үкметі ұлы сенім білдіріп, коммунистік қоғамның

ұрпағын тәрбиелеуге жұмсайық!
Қуатты Советтік Отанымыз жасасын!
Туысқан Совет Үкметіміз жасасын!
Совет Одағының даңқты Коммунистік партиясы жасасын!

Колхозымыздың дәулеті артып, мәдениеті гүлденуде

Партия мен үкметіміздің зор қамқорлығына бөленген еліміздің барлық колхоздарымен бірге біздің колхоз да өзінің шаруашылығын жылдан жылға нығайтып, өркендетуде. Соңғы екі жылдың ішінде колхозда егіс алаңы тек дәнді дақылдар бойынша ғана 27 процент ұлғайтылды. Дәнді дақылдарды егу қысқа мерзімге және агротехникалық жоғары дәрежеде, демек, қатаралық және тоғыспалы әдіс арқылы жүргізіліп келеді. Көпжылдық шөптер егісінің көлемі ұлғайтылып, жер қыртысы жақсартылуда. Сонымен қатар, бұл егістің өнімділігі де артып келеді.

Колхоз мүшелері бітік өсірілген егінді қысқа мерзімде жыйнап алып, астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін егін орағына қызу кірісті. Көзір алғашқы астық мемлекет қоймаларына үздіксіз жөнелтілуде.

Колхоз көптеген алдыңғы қатарлы адамдарды өсірді. Оны төмендегі фактілерден көруге болады. № 1 егіс бригадасының бригадирі Р. А. Десяткин мен трактор бригадасының бригадирі С. П. Артемьев ынтымақтаса отырып, жұмыс істеп, өткен жылы 200 гектар алаңның әрбір гектарынан 108 пұттан бидай өнімін алды. Қомбайшы Гейнич жолдас тіркеудегі «Сталинец — 6» қос қомбайшымен 1195 гектар жердің егінін орып, 9828 центнер астық бастырды. Тракторшы Л. П. Ногин «С—80» тракторымен жұмсақ жерге айналдырғанда 1027 гектар жер жұмыстады және 261 килограмм жанар майын үнемдеді.

Колхоз мүшелері партиямыз бен үкметіміздің нұсқауларын жүзеге асыра отырып, қоғамдық мал шаруашылығын жылдан жылға көбейтуде, оның сапа құрамын жақсартып, өнімділігін арттыруда. Сондықтан сауыншылар сүт саууда жақсы нәтижелерге ие болып келеді.

Колхоз шаруашылығына ішкі қорлардың дұрыс пайдаланылуы, жаңа техниканың ойдағыдай енгізілуі және колхозшылардың қоғамдық шаруашылыққа белсене қатысып, еңбек өнімділігін арттыра беруі нәтижесінде колхозымыздың ақшалай табысы 1952 жылдың өзінде 1 миллион сомнан артып. Ал, үстіміздегі жылы алдың-ала жасаған есебімізге қарағанда, колхоздың ақшалай кірігі 1 миллион 500 мың сомға жеткелі отыр.

Колхозшылар колхоз дәулетін арттыра беру үшін жана міндеттемелер алды. 1 ноябрьге дейін малдың барлық түлігі мен құс өсірудің мемлекеттік жоспарын толық орындап, оның өнімділігін едәуір дәрежеде арттыру және мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындауды ұйғар-

Е. БӘУКЕНОВ,
Петропавл ауданы, «Луч Ленина» колхозының председатели, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты

ды. Қоғамдық мал шаруашылығы үшін берік жемшөп қорын жасау, дәнді дақылдардың әрбір гектарынан кемінде 90 пұттан, оның ішінде 485 гектар алаңның әрбір гектарынан 110 пұттан өнім алуға міндеттенді.

Коммунистік партия біздің барлық адамдарымыздың мәдениетті болуына, коммунистік қоғамның саналы құрылысына болуына толық жағдай ұтуғызуда. Мәдени ағарту мекемелері: атап айтқанда, колхоздағы клубтар, оқу үйлері, кітапханалар бұқараға коммунистік тәрбие берудің осы ұлы мақсаттарына сәйкес жұмыс істеуге тиіс. Соңғы жылдары колхозымызда мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесі едәуір өсті. Көзір бізде колхозшылар клубы жұмыс істейді. Кітап қоры 5 мың данаға жететін кітапханамыз бар.

Кітапхана жанында кітап оқушылар активінен құрамында 7 адамы бар совет, 9 адамнан селолық лекторий ұйымдастырылды. Лекторлардың қатарында орта мектептің оқытушылары, медициналық қызметкерлер және ауыл шаруашылығы мамандары бар.

Көзір кітапхананың тұрақты кітап оқушыларының саны 570 адамға жетті. Тракторшы Артемьев Николайаның «Егіс орағы», Б. Полевойдің «Біз совет адамдарымыз» деген шығармаларын, басқа да бірқатар көркем әдебиет кітаптарын оқыды. Логачева, Артемьева, Новиков, Селиванова, Аганов сыяқты колхозшылар да соңғы кезде 15—20 кітаптан оқып, кітапхана жұмысына белсене қатысып жүр.

Осы жылы кітапхана Е. Мальцевтің «Шын жүректен», Писиф Виссарионович Сталиннің «Ленин туралы», Г. Николаеваның «Егіс орағы» деген кітаптары бөйынша үш рет кітап оқушылар конференциясын өткізді. Кітап оқушылар конференциясын өткізуде және дайындауда әсерлес жастар мен село интеллигенциясы зор белсенділік көрсетті.

Мұнымен бірге кітапхана мал шаруашылығы қызметкерлерінің көшін өткізді. Онда мал шаруашылығының озаттары, сауыншы М. Вичканова, қой фермасының меңгерушісі Шерш, мал дәрігері Сазонов және басқалары өздерінің тәжірибелерін айтты. Көп мал шаруашылығы қызметкерлерінің зор белсенділігімен өтті. Көп-

тің соңында колхоз клубы көркемөнерпаздарының күшімен концерт берілді.

Селолық лекторий өз жұмысын ұйымшылдықпен жүргізуде. Біздің лекторларымыз саяси және жаратылыс тану және басқа тақырыптарда лекциялар оқыды. Олар үстіміздегі жылдың басынан бері 28 лекция оқыды, әсересе, орта мектептің оқытушысы Сергеев және дәрігер Журавлева жолдастардың лекциялары колхозшылар арасында зор табыспен өтті.

Соңғы кезде колхоз клубы өзінің жұмысын едәуір жақсартты. Клуб жанында хор, драма, музыка үйірмелері бар. Үйірмелердің жұмысына 50-ге жуық адам қатысады. Егін жыйнау кезінде клуб өнерпаздарының күшімен бригадаларда концерт қойылады. Колхозшыларға кино картиналар үнемі көрсетіліп тұрады. Алғашқы жарты жылдың өзінде колхозшылар 30-дан астам кино картиналар көрді.

Мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу және оны жақсарту ісінде радиоландыру зор роль атқарады. Бізде колхозшылардың басым көпшілігінің үйлері радиоландырылған. Колхозда екі радиоторабы жұмыс істейді. Олардың радиоточкаларының жалпы саны 288-ге жетеді. Трактор бригадаларында да радиоқабылдағыштар орнатылды. Колхозда аурухана, әйелдер босанатын үй жұмыс істейді.

Колхозшылар мен колхозшы әйелдердің газеттер мен журналдарға көптеп жазуларының өзі олардың мәдени дәрежесінің өскендігін дәлелдейді. Біздің колхозшыларымыз көзіргі уақытта 430 дана орталық, республикалық, облыстық газеттер және 174 дана журналдар алдырады. Олар бұл газеттер мен журналдарды оқып, күнделікті жаңалықтармен танысып отырады.

Қырмандарда 36 үгітшісі бар үгіт коллективі саяси-бұқаралық және мәдени-тәрбие жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде. Колхоз партия ұйымының секретары Слепченко жолдас үгіт коллективінің жұмысына күнбе-күн басшылық жасайды. Үгітшілердің күшімен колхозшыларға партияның XIX съезінің материалдары түсіндіріледі. Совет Одағының ішкі және сыртқы жағдайы жөнінде үнемі әңгімелер өткізіледі. Баяндамашылар жылдың басынан бері колхозшылардың жалпы жыйналыстарында, бригадаларда, мал фермаларында саяси тақырыпта 15 рет баяндама жасады. Осының барлығы артель шаруашылығын нығайтуға, колхоз дәулетін арттыра беруге бағытталып отырады.

Біз Коммунистік партияның басшылығымен колхоз дәулетін молайта түсіп, мәдениетін гүлдендіре беруде жана табыстарға жете береміз.

мың центнер шөп тасылса, оның 3 мың центнерін осы бригада тасып үйген. Бригадада шөп тасуда Ш. Шығыров, Ф. Ванкова, К. Мустафин және И. Ергалиев жолдастар стахановтық еңбектің үлгілерін көрсетіп жүр.

Колхозда сұрастырылған шөп те мол дайындалуда. Шөп сұрастыруға күш-мүмкіншілік жеткілікті бөлінген. Науқан басталғалы бұл күш-мүмкіншіліктер дұрыс пайдаланылып келеді. Мұның нәтижесінде көзірдің өзінде 2 мың центнер шөп сүрленді. Шөп сүрлеу жұмыстары егін орағына дейін толық аяқталмақ.

Құнарлы жемшөпті мол дайындап, колхозшылар үстіміздегі жылы қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруда жаңа зор табыстарға жетпек.

Б. ЖАҚЫПЗВ.
(Өз тілшіміз).

Бір күнде 50-60 центнер

Октябрь ауданындағы «Заря коммунизма» колхозының № 3 бригадасында шөп шабу, оны жыйнау және майлау жұмыстары ұйымдасқан түрде жүргізілуде. Колхозшылар Бондаренко, Жуланов, Евстафьев, Беленкова жолдастар бір күнде 40 центнер орнына, 50—60 центнер шөпті майға салады.

И. МАХМЕТОВ.

Комсомолецтердің үлгілі істері

Преснов ауданындағы Айымжан жетіжылдық мектебінің комсомолецтер: шөп шабу, жыйнау жұмыстарында «Сталин жолы» колхозының колхозшыларына нақтылы көмек көрсетуде. Мәселен, комсомолец — оқушы Рабдуллин жолдас ат тырнаушымен күн сайын 6 гектар жердің пішенін жыйнайды. Ал, оқушы Сүлейдіков, Есенбаев жолдастар шөп шабуға күндіз жұмыс тапсырмаларын үнемі артығымен орындап, колхозшыларға еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүр.

З. БАЙСАРИН.

ол қаржыны колхоз құрылыс материалдарын дайындауға дұрыс пайдаланбай отыр. Колхоз әлде қанша бөлінген 80 текшеметр құрылыс материалдарын осы күнге дейін тасып алған жоқ.

Мал қораларын салу Калинин атында-

Жемшөп молшылығы жасалсын

Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозының колхозшылары жемшөптің біржарым-екіжылдық қорын жасау жөніндегі ақтөбеліктердің үндеуіне нақтылы іспен жауап беруде. Өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасын жүргізуші Рошинка жолдас күндіз жұмыс тапсырмасын үнемі 120—130 проценттен орындайды. Басқа да бірнеше пішеншілер жемшөп қорын дайындауда үздік табыстарға ие болуда. Осының нәтижесінде колхозда шөп шабу жоспары 80 процент орындалды.

«Баян» колхозында да қоғамдық малды құнарлы азықпен қамтамасыз ету ісі тыңғылықты ұйымдастырылған. Бұл жөнінде әсересе, кеңалымды шөп машиналарының машинистері үздік еңбек етіп жүр. Мәселен, машинистер Әділғазин, Құрдыбаев, Попов жолдастар күндіз жұмыс нор-

қоралармен жеткілікті қамтамасыз етуді ұйымдастыра білулері керек.

П. СЫРОМЯТНИКОВ.

Октябрь аудандық Совет аткомінің селе-колхоз құрылысы бөлімінің меңгерушісі.

маларын үнемі 120—130 проценттен орындайды. Көзір олардың әрқайсысы 1000—1400 гектар жердің пішенін шапты.

Алайда, осы аудандағы Киров атындағы колхозда жемшөп дайындау жұмысында елеулі кемшіліктерге жол берілуде. Мұнда әсересе, № 2 бригадада жағдай мүлде нашар. Бригадада еңбек өнімділігі өле төмен. Мұнда пішеншілер жұмысқа кеш шығып, оны ерте аяқтайды. Бұл еңбек өнімділігін арттыру, жемшөп дайындау ісін табысты жүргізуге бөгет жасам отыр. Колхоз басшылары жемшөп дайындаудағы бұл сыяқты кемшіліктерді дереу жойып, қоғамдық малды құнарлы азықпен қамтамасыз етудің тиісті шараларын қолданулары керек.

Б. НЕКІБАЕВ,
Б. ҚОЙШЫБАЕВ.

Жемшөп дайындаудың озаттары

Біржарым жылдық жемшөп қорын жасау жолындағы социалистік жарысқа Киров атындағы колхоздың (Полудень ауданы) колхозшылары қызу ұнтасулы. Социалистік жарыста колхоз коммунистері игілі жұмыстар істеуде. Мәселен, коммунистер П. Бутков, Н. Нешенало, П. Головкин жолдастар шөп майлауда күндіз нормаларын үнемі артығымен орындап отырады.

Машинист Хайемьяков жолдас кеңалымды шөп машинасымен шөп шабады. Оның сменалық еңбек көрсеткіші — 30 гектар жердің шөбін шабу. Ол шөп шабу науқаны басталғалы тракторға тіркелген шөп машинасымен 613 гектар жердің шөбін шапты. Осы сыяқты, машинист

Циммерман жолдас та шөп шабуға жақсы нәтижелерге ие болып жүр. Ол әрбір сменада 20 гектар орнына 25 гектар жердің шөбін шабады.

Ақтөбеліктердің қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің мол қорын жасау жөніндегі шақыруына жауап ретінде колхозшылар жемшөп дайындау жоспарын егін орағы басталғанға дейін толық орындап шықпақ.

В. БОДРОВ.

Редактор **Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

Жазғы КИНОТЕАТРДА

«ЕЗГІДЕ»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ИМПЕРАТОРДЫҢ НАН ПІСІРУШІСІ»
Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облысара-лық «Главторсырьё» мекемесіне есепші-кассир керек. Еңбекақы смета бойынша төленеді.
АДРЕС: Петропавл қаласы, Коммунист көшесі, 61-үй. Кадр бөлімінен түсінік алуға болады.

Петропавлдың нан комбинатына бетоншылар, арматурщиктер, ағаш шеберлері, шпукатуршылар, тасшылар және көмекші жұмысшылар КЕРЕК.
АДРЕС: Петренев көшесі, 61-үй. Нан комбинатының кадр бөлімі.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.